21228626877

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

26 наурыз 2024 жыл № 1912-24-00-2/124 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Ж.Омарбеков,
хатшылыққа Б.К.Кыдыркожанованы ала отырып,
ашық сот отырысында:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Асыл-ЖАС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Казахский Промтраснпроект» жауапкершілі шектеулі серіктестігі (авторлық қадағалаушы)
«Алатау Сапа құрылыс» жауапкершілі шектеулі серіктестігі (техникалық қадағалаушы)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы
3. шарт бойынша жұмыстарды толығымен аяқтауды міндеттеуге

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Уразбаев Н.
талап қоюшының өкілі Накипов К.Б.,
үшінші тұлға өкілі: авторлық қадағалау өкілі Нарымбетов Д.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

08 қараша 2022 жылы Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы (бұдан әрі - талап қоюшы, Тапсырыс беруші) және «Асыл-ЖАС» ЖШС-гі (бұдан әрі – жауапкер, Мердігер) арасында №67 Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалынды (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың жалпы сомасы 328 892 396,28 теңгені құрайды.

Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі құрылысқа талон алған күннен бастап 8 ай болып белгіленді. Құрылысқа талон 19 желтоқсан 2022 жылы алынды.

Шарт бойныша Жауапкер Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында «Келінтөбе –Қандөз» автомобиль жолының 10 шақырымында орналасқан көпірді күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу міндетіне алған.

Шарттың 2.1-тармағына сәйкес Жауапкер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттың қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Талапкер орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

Шарт бойынша 2022 жылы «025-015-421» бюджеттік бағдарламасы бойынша 238 853,96 теңге бөлініп жауапкерге толығымен төленген.

2023 жылы «025-053-421» бюджеттік бағдарлмасы бойынша 328 653 542,32 теңге бөлініп, негізгі шартқа 01 ақпан 2023 жылы №1 қосымша келісім жасалды.

Осы қосымша келісімнің 1-қосымшасына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімі қосымша келісім тіркелген күннен бастап 7 ай деп белгіленген.

Қосымша келісім қазынащылық органында 02 ақпан 2023 жылы тіркелді, яғни жұмыстарды орындау мерзімі 02 қыркүйек 2023 жыл.

01 ақпан 2023 жылғы №1 қосымша келісімнің шартына сәйкес Жауапкерге 98 596 062,70 теңге алдын ала 30 пайыз аванс сомасы төленді.

02 наурыз 2023 жылы «025-053-421» бюджеттік бағдарлмасы «025-015-421» бюджеттік бағдарлмасына өзгеруіне байланысты №2 қосымша келісім жасалды. Шарт бойынша жалпы Жауапкерге төленгені 204 392 873,17 теңгенің құрайды. Қалдық орындалмаған сома 124 499 523,11 теңгені құрайды.

Талап қоюшы жоғарыда аталған талап коюмен сотқа жүгініп, онда, жуапкер өз хаттарында жұмыстың жұмыс кестесінен бұрын жүргізіліп жатқанын көрсеткенін, алайда, Тапсырыс беруші тарапынан бірнеше рет жасалған сұрауларға қарамастан, жауапкер осы уақытқа дейін Тапсырыс берушіге ағымдағы жылға арналған жұмыстарды жүргізу кестесін ұсынбағанын көрсетті.

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 03.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Омарбеков Н. Д., 05.07.2024

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 17 қазандағы № 725 бұйрығының 10-тармағына сәйкес жаңа қаржы жылы басталғаннан кейін мердігер ұйым жыл сайынғы жұмыс жүргізу кестесін жасайды және Тапсырыс берушіге немесе Тапсырыс берушінің өкіліне келісуге ұсынады.

Алайда, осы уақытқа дейін мердігер жұмыс кестесін ұсынбады, яғни Жауапкер аталған бұйрықтың талабын сақтамағанын айтып көрсетті.

Жауапкер сотқа пікір ұсынбады.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі Накипов К.Б. талап арызды қолдап оны қанағаттандыруды сұрады. Талап қоюшы тарапынан жауапкерге 22 тамыз 2023 жылы №06-5/1236 санды ескерту хат жолданғанын, дегенмен, жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелерін орындамай, нысан 02 қыркүйек 2023 жылы халықтың игілігіне пайдалануға берілмегенін айтып түсіндірді.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлансада сот отырысына қатыспады, оның себебін хабарламады. Сот оның қатыспау себебін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (бұдан әрі- АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі оның қатысуынсыз қарады.

Үшінші тұлға өкілі, Жобалық-зерттеу институты «Казахский Промтраснпроект» жауапкершілі шектеулі серіктестігі, авторлық қадағалаушының өкілі Нарымбетов Д. жобаға еш өзгерістер мен толықтыруларды енгізбегенін, шешімді сот құзырына қалдыратынын айтып көрсетті.

Үшінші тұлға «Алатау Сапа құрылыс» ЖШС-гі (техникалық қадағалаушы) сот отырысына қатыспады, шешімді соттын құзырына қалдырды.

Прокурор Уразбаев Н. талап арыз қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің заңнаманы бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 03.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Омарбеков Н. Д., 05.07.2024

өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 11-бабының 4-тармағындағы 4) тармақшасында - мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында жауапкер өзіне алған міндеттемені тиісті түрде орындамағаны, сол себепті мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт орындамалғаны дәлелденді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 49-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қуыныммен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап арыз 29 қыркүйек 2023 жылы берілді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 10, 359-баптарына сай, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған іс-әрекеттер кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Сот, аталған негіздерге сүйене отырып, Мердігер өз міндетемесін тиісті түрде орындамады деп, талап арыз қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша.

Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Шарттың 8-бабының 8.3-тармағында өндіруге жататын тұрақсыздық айыбының сомасы шарттары мен мерзімі бекітілген.

Тапсырыс беруші аталған негіздерді басшылыққа ала отырып, Шарт бойынша 29 күн, яғни талап арыз берілген күнге дейін - 29 қыркүйек 2023 жылға қарастырылған сомасынан 0,1 пайыз яғни, 124 499 523,11 х 0,1% х 29 күнге = 3 610 486,08 теңге айыппұл сомасын есептеген.

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 03.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Омарбеков Н. Д., 05.07.2024

Сот талап қоюшының өндіріп беруді сұрап отырған айыппұл өндіру туралы бөлігі негізді деп санап, жауапкерден мемлекет пайдасына 8 қараша 2022 жылғы №67 Шарт бойынша 3 610 486 теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілуі керек деп санайды.

№3 талап бпйынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- АК) 277-бабының 1-бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Сот отырысында анықталғандай жауапкер Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені корсетілген денгейде орындамаған. Осыған орай, талап қоюшы Заңда көрсетілген мерзімде сотқа талап арызбен жүгініп отыр.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында «Келінтөбе –Қандөз» автомобиль жолының 10 шақырымында орналасқан көпірді күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтауды міндеттеу туралы талабы заң талаптарына сәйкес келеді, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

Талап қоюшы Шарт бойынша орындалмаған жұмыстарды 2023 жылдың 1 желтоқсанға дейін сұраған, алайда, кейбір көпірді күрделі жөндеу жұмыстарын қыс мезгіліне жасамайтынын ескере отырып, сот, жауапкерді жұмыстарды толығымен 2024 жылдың 1 маусымына дейін аяқтауды міндеттегенін жөн деп көреді.

Сот, аталған негіздерде, талап арыз ішінара қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117-бабының 1-тармақшасының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 110 160 теңге көлемінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>

Сот, Қазақстан Республикасы АПК-нің 117, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Асыл-ЖАС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді және шарт

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 03.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Омарбеков Н. Д., 05.07.2024
1912-23-3-1/3654

бойынша жұмыстарды толығымен аяқтауды міндеттеуді туралы талап қою арызы – ішінара қанағаттандырылсын.

«Асыл-ЖАС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Асыл-ЖАС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 3 610 486 (үш миллион алты жүз мың төрт жүз сексен алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 110 160 (жүз он мың жүз алпыс) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Асыл-ЖАС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне шарт бойынша орындалмаған жұмыстарды толығымен 2024 жылдың 1 маусымға дейін аяқтауды міндеттедлсін.

Талаптың қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге риза болмаған жағдайда шешім түпкілікті нысанда дайын болған күннен бастап бір ай мерзім ішінде, Қазақстан Республикасы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтініш келтіруге болады.

Судья **Н.Ж.Омарбеков**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 03.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Омарбеков Н. Д., 05.07.2024

1912-23-3-1/3654